

## Литература:

1. Ахметова Н.С., Кожакметов Г.З. История государства и права Республики Казахстан – Караганда: КарГУ, 2001. - 334 с.
2. Фукс С.Л. Обычное право казахов в XVIII– первой половине XIX века. – А-А.: Наука КазССР, 1981. – 225 с.
3. Георги И. Описание всех обитающих в Российском государстве народов. - СПб., 1939. – 189 с.
4. Ахметова Н.С. Обычное право казахов в XVIII и первой половине XIX века.- Алматы, 1997. – 137с.
5. Гродеков Н. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. – Ташкент, 1926. – 277с.

**Оспанова М.Н.**, академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, заң факультеті, ю-30 тобының студенті

(*Ғылыми жетекшісі – з.ғ.м., аға оқытушы Уалиева Ж.Б.*)

### **ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚ ПЕН ЖАЗАНЫ ЖЕҢІЛДЕТЕТІН МӘН-ЖАЙЛАРДЫ ҚОЛДАНУ: ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ**

**Зерттеу тақырыбының өзектілігі.** Ғылыми мақала Қазақстан Республикасы қылмыстық заңнамасы бойынша қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамға оның түзелуі және жаңа қылмыстық құқық бұзушылықтардың алдын алу үшін қажетті және жеткілікті жаза тағайындаудың өзекті мәселелеріне арналған. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан жолы – 2050» стратегиясына сәйкес басымдықтың бірі болып әділеттілік, заңның үстемдігі және заң алдындағы теңдік құқық тәртібінің шынайы негізі болуға тиіс [1]. Зерттеу жұмысында отандық құқықтағы, шет елдердің құқығындағы жаза тағайындаудың негіздерін анықтау, қазіргі отандық құқықтағы қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар ұғымы, белгілері, ерекшеліктері, мәні мен мазмұны, қағидалары жан-жақты көрсетілген. Сонымен қатар, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексында көзделген нақты тізіміне талдау жасай отыра, шет елдер қылмыстық заңнамасымен сабақтастығы анықталған.

**Мақаланың ғылыми өңделгендігі.** Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар мәселесіне байланысты қылмыстық құқық теориясы мен заңды қолдану тәжірибесіне үлес қосқан авторлардың еңбегі қомақты дегенімізбен, құқықтану ғылымындағы соңғы үрдістерді ескерсек, осы бағыттағы қылмыстық жаза тағайындаудың көптеген аспектілері, әсіресе оның негізін анықтау мәселелері бойынша кешенді әрі терең зерттеуді талап ететін ғылыми ізденістерге мұқтаждық әлі де толығымен қанағаттандырылмай отыр.

**Зерттеудің объектісі және пәні.** Зерттеудің объектісі болып Қазақстан Республикасы мен шет елдерінің құқығында бекітілген қылмыстық жаза тағайындау институтының жалпы теориясы мен қылмыс істеп кінәлі деп танылған тұлғаны қылмыстық жауапкершілікке тартылған кездегі ескерілетін қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар мәселесінде туындайтын құқықтық қатынастардың қылмыстық құқықтық заңнамасымен реттелуі ережелері табылады.

**Зерттеудің пәнін** Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасы бойынша жаза тағайындау институтының ұғымы, құқықтық табиғаты, түрлері, негізі, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың тәжірибелік мәселелері, жаза тағайындау сұрақтарын реттейтін нормалардың қызмет етуі танылады.

**Мақаладағы зерттеу жұмысының мақсаты.** Қазақстан Республикасы мен шет елдеріндегі заңнамаға сәйкес қылмыстық жаза тағайындау институты мен оның негізі, жіктелуі, даралануы және жүзеге асырылуы мәселелерін кешенді әрі терең ғылыми зерттеу және құқықтағы жауапкершіліктің доктриналық негізіне сүйене отыра, қызметтегі қылмыстық құқық концепциясына талдау жасау, қылмыстық құқықтағы жауапкершілікті реттейтін ережелерді жетілдіруге бағытталған ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар жасақтау.

**Мақаладағы зерттеудің әдістемелік негізі.** Ғылыми мақаланы жазғанда біз құқықтың іргелі қағидалары мен танымның салыстырмалылық, тарихи әдістеріне сүйендік.

**Мақаланың ғылыми жаңалығы.** Ұсынылып отырған мақала жаза тағайындау, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың мәселелерін кешенді түрде, яғни құқықтың бұл құбылысының қалыптасуын талдау, заманауи талаптармен астарланған жаңа құқықтық қатынастарды реттеудің қажеттігіне орай қолданыстағы шет елдерінің заңнамаларына

салыстырмалы-құқықтық талдау жасалуы арқылы жүргізілген жаңаша ғылыми ізденістердің бірі. Жұмысымызда қылмыстық заңнамада қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың ұғымын бекітудің жөнделігі, қылмыстық жауапкершіліктің қылмыстық құқық ғылымы мен қылмыстық заңнама жүйесіндегі алар орны туралы сұрақтар қарастырылған.

**Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар:** 1. Біздіңше кейбір шет елдерінің қылмыстық кодекстерінде көзделгендей, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің мәтінінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар тізбесін кеңейту арқылы жаңа қылмыстық норманы бекіткен абзал. 2. Қазақстан республикасының заңнамасында аталмаған жағдайларды кейбір шет елдерінің заңнамасының тәжірибесіне сүйеніп, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар тізбесінің қатарына:

1. қартайған жас шамасындағы кінәлі адамның қылмыс жасауы;
2. денсаулық жағдайы нашар қылмыс жасаған адам;
3. қылмыстық құқық бұзушылықты психикалық дамуының артта қалуы жағдайы салдарынан жасау (есі дұрыс адамның);
4. кінәлі адамның жаңа техникалық жетілдіру, ғылыми техника ойлап тауып мемлекет үшін өз үлесін қосқан, жай өмірде, жұмыста мемлекет, қоғам үшін өзін - өзі құрбан қылған, апат, зілзала, табиғи қасіретпен күрес кезінде үлгілі тәртіп көрсеткен, мемлекет, қоғам алдында ірі жетістіктері бар болуы сынды бірқатар біздің заңнамаға өзгерістер енгізуге болады.

**Зерттеудің нәтижелерін** заңдардағы ақаулықтар мен жетіспеушіліктерді жою мақсатында заңшығарушылық қызметте, қылмыстық жауапкершілікке тарту қатынастарының құқықтық реттелуіне одан әрі ғылыми зерттеулер жүргізілгенде, қылмыстық жауапкершілікті жүзеге асыру барысында туындайтын дауларды шешу бойынша құқық қолдану тәжірибесінде қолдануға болады.

**Негізгі бөлім:** Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасына сәйкес, ізгілендіру - бастысы, бірінші рет онша ауыр емес және ауырлығы орташа қылмыстық құқықбұзушылықтеген адамдарға, соған орайәлеуметтік дәрменсіз адамдарға: екіқабат әйелдерге және қарауында кәмелет жасқа толмаған балалары бар жалғызбасты әйелдерге, қарт адамдарға байланысты болуы керек. Сонымен қатар ауыр және аса ауыр қылмыстар жасауға кінәлі, қылмыстық қуғындаудан жасырынып жүрген адамдарға қатысты, сондай-ақ қылмыстар кәнілілігі кезінде қатал қылмыстық саясатты алдағы уақытта да жүргізу қажет. Осыған сәйкес ізгілендіру жаза тағайындау барысында екі міндетті орындайды. Бірінші міндет заңға қарсы қастандықтан азаматтарды қорғау(оның құқығы мен бостандығын). Құқық бұзушы жеке тұлға ретінде азаматтық құқықтар мен міндеттерге ие және заңмен қорғалатын болғандықтан екінші міндет құқық бұзушыны да қорғау болып табылады [2]. Қылмыстық құқық теориясында жауаптылықты жеңілдететін мән – жайлардың екі түрін көрсетеді: 1)қылмыстық құқықбұзушылық құрамын құрайтын және қылмыстық әрекетті саралауға әсер ететін; (Қылмыстық Кодекстің Жалпы бөлімінде көзделген) 2)қылмыстық құқықбұзушылық құрамын құрамайтын және жауаптылық пен жаза өлшеміне әсер ететін; (Қылмыстық Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген). И.И.Карпецтің ойынша бірінші типтегі мән-жайлар заң шығарушыға жазаның түрін анықтауға, ал екіншісі сотқа жеке жазаны анықтауға мүмкіндік береді [3, б. 156-157].

Қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдетілетін мән-жайлардың мазмұнын ашатын болсақ: Қылмыстық Кодекстің 53-бап 1б. 1-тармақшасын жаза тағайындау кезінде қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жай ретінде тағайындау үшін қылмыстық құқықбұзушылық алғаш рет істелгендер қатарына жатуы тиіс. Бірінші рет жасалған қылмыс деп адамның шын мәнінде алғаш рет жасаған әрекеті не бірінші рет жасамаған, бірақ егер бұрын жасалған қылмысы үшін заңда белгіленген тәртіппен қылмыстық жауапкершіліктен босатылған немесе жазадан толық босатылған не соттылығы жойылған немесе алынған әрекеті танылуға тиіс [4]. Қылмыстық Кодекстің 53-бап 1б. 2-тармақшасы бойынша кінәлі адамның кәмелетке толмауы айтылған. ҚР ҚК 82-бабына сай кәмелетке толмағандарға жаза тағайындау барысында ҚК 52-бабында анықталған жалпы негіздермен бірге, өмірлік тәжірибесі жоқ, ересек адамдардың ықпалынан немесе ата-анасының дұрыс тәрбие ықпалы жоқтығынан, басқа адамдарға еліктеп, материалдық жағынан қиналу себептері де септігін тигізуі мүмкін. Қазақстан Республикасының ҚК 80-бабына сәйкес, кәмелетке толмағандар деп қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытқа қарай жасы он төртке толған, бірақ он сегізге толмаған адамдар танылады.

ҚР Қылмыстық кодексі адамгершілік қағидасын басшылыққа ала отырып, әйелдер мен бала құқығын қорғайды. Әйел жүктілік кезінде әртүрлі психологиялық, физиологиялық өзгеріске душар болатыны бәрімізге мәлім. Осы кезде олар өздерін ұстай алмай, ашуға, уайым-қайғы, ызалы эмоционалдық түрлі сезімдерге беріліп қылмыс жасауы мүмкін, сол себепті бұл жағдайы адамның

жауаптылығын жеңілдетен мән-жайларға жатқызылуы орынды. Тағы бір жағдай - кінәлі адамның жас балаларының болуы. Қылмыстық заңнамаға сәйкес жас деп 14-ке толмаған балаларды көздеп отыр. Бұл тармақшаны қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән жай деп тану заңшығарушының құқықбұзушы отбасының мүддесін ойлаумен, ерекше көңіл бұл жерде оның жас балаларының адамгершілігі мен физикалық дамудағы мүделері болып отыр. Одан кейінгі мән - жай медициналық немесе өзге де көмекті көрсету салдарына қарамастан, қылмыстық құқық бұзушылық жасағаннан кейін жәбірленушіге тікелей осындай көмек көрсетуін айтады. Ең басты шарт болып қылмыстық құқық бұзушы қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған соң, өз еркімен зардаптардың орнын толтыруы тиіс. Мысалы жәбірленушіні оқиға болған жерде қалдырып кетпей, оған алғашқы медициналық көмек көрсетіп қана қоймай, ауруханаға өзінің апарып салуы немесе оларға қоңырау шалып көмек көрсеті, яғни жәбірленушіні өлім аузынан сақтап қалу. Мұнда субъект өзінің әрекеттерінің залалдылығын түсініп, өзінің кінәлілігін жоюға тырысқандығын көреміз. Осы жағдайда қылмыстық жауаптылық пен жазаның жеңілдетілген мән-жайына жатқызуға негіз болады.

Қылмыстық Кодекстің 53-бап 16. 6-тармақшасында анықталған мән-жайлар жасалған іс – әрекеттердің объективті түрде қауіптілігін төмендетеді. Аталған әрекеттер құқықбұзушының өз кінәсін түсінгендігін, жасалған қылмыстық құқықбұзушылық үшін қатты өкініп, сол қылмыстық құқықбұзушылықтан нәтижесінде болған зардаптарды жоюға талпынады немесе оның жәбірленушіге ауырлығын азайтқысы келеді. Мұның бәрі кінәлі адамның шынайы өкінгендігін білдіріп, оның қоғамға қауіптілігінің аз екендігінің айғағы. Бірақ залалдың орнын толтыру ерікті болғаны маңызды және үкім шыққанға дейін болуы тиіс.

Келесі бір мән-жай өмірлік ауыр зардаптар болып әртүрлі жеке отбасындық немесе қызметтік жағдайлар болуы мүмкін. Тәжірибе көрсеткендей мұндай зардаптарға: қылмыстық құқықбұзушының өзінің, отбасының, жақындарының ауруы, уақытша материалдық ауыртпашылық, жұбайының маскүнемдігі, тұрмыстық жағдайдың болмауы, қызметінен айырылуы және т.б. Әлеуметке қарсы орныққан тұрақсыз адамдарға мұндай жағдайлар қылмыстық құқықбұзушылық жасауға жеткілікті себеп болуы мүмкін. Жаны ашығандық деп жәбірленушіге жаны ашу себебімен қылмыстық құқықбұзушылық жасау болып табылады.

Ескерілуі тиіс мән-жайлардың қатарында, күштеп немесе психикалық мәжбүрлеу салдарынан не материалдық, қызметтік немесе өзге де тәуелділігіне қарай қылмыстық құқық бұзушылық жасау да айтылған. Бұл жағдайда заң шығарушы әртүрлі сипаттағы психикалық және физикалық әсер етуді көздеп отыр. Бұл жағдайлар адамның еркіне әсер етуі маңызды. Әдетте мұндай әсер ету адамды қылмыстық құқықбұзушылыққа қатысу немесе оны орындау мақсатымен қорқыту арқылы жасалады. Психикалық мәжбүрлеудің бір жолы өлтіремін, мүлкінді жоямын деп қорқыту және т.б болуы мүмкін. Одан қауіптісі мәжбүрлеумен қоса субъектіге физикалық әсер етуі болып табылады. Ерекше жағдайларда, еңсерілмейтін физикалық мәжбүрлеу кезінде басқа тұлғаның ықпалына қарсы тұруға ешқандай мүмкіндік болмағанда жауаптылыққа тек мәжбүрлеген тұлғаны тарту керек. Материалдық тәуелділік деп – мүліктік қатынастардағы тәуелділік деп түсіну керек. Бұл кезде кінәлі адамның материалдық жағдайы оның тіршілік етуге алған қаражаты, қаражаттың көлемі мен сипаты басқа тұлғаға тәуелді болады. Өзге де тәуелділікке мысал үшін қызметтік, туысқандық тәуелділік және т.б. жатқызамыз.

Сонымен қатар, қажетті қорғаныстың, аса қажеттіліктің, құқық бұзушылық жасаған адамды ұстап алудың, негізді тәуекелдің, бұйрықты немесе өкімді орындаудың, жедел-іздістіру іс-шараларын немесе жасырын тергеу әрекеттерін жүзеге асыру кезінде құқыққа сыйымдылық шарттарын бұзу жағдайында қылмыстық құқық бұзушылық жасау мән-жайы қылмыстық заңнаманың барлық шарттарын орындаған кезде, әрекеттің қылмыстылығын жоққа шығарады. Ал егер Қылмыстық Кодексте көзделген шарттар бұзылған жағдайда, бұл мән-жайлар қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән – жай деп тануға негіз болады. (ҚК 32, 33, 34, 36, 38 баптары). Өйткені оның іс-әрекетіне заңмен қорғалатын жеке, қоғамдық, мемлекеттік мүдделерді қоғамға қауіпті қол сұғушылықтардан сақтау себеп болады. Жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылыққа түрткі болған заңға қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқы мән-жайына келер болсақ, бұл жағдайда жәбірленушінің қылмыстық құқықбұзушылыққа себеп болған құқыққа қайшы және құлықсыздық әрекеттері (ерлі-зайыптылар опасыздығы, қорлаушы әрекеттер және т.б) үшін өзі кінәлі болып есептеледі. Жәбірленушінің қылмыстық құқық бұзушылыққа түрткі болған заңға қайшы немесе бейморальдық мінез-құлқы жәбірленушінің күш қолдануынан, қорлауынан немесе ауыр балағаттауынан не басқа да заңға қайшы немесе моральға тән емес әрекетінен (әрекетсіздігінен) (туысқандарының, отбасының денсаулығына зиян немесе оларға қаза келтіру, зорлау, өзін-өзі өлтіруге дейін жеткізу т.б.) пайда болып, сондай-ақ жәбірленушінің әрдайым құқыққа қайшы мінез-

құлқы, оның бірнеше рет жасаған құқыққа қарсы әрекеттері салдарынан туындаған ұзаққа созылған психиканы бұзатын жағдайда туындайды. Бұл ретте, аталған заңға қарсы әрекеттер кінәлі адамның өзіне немесе оның жақын адамдарына қатысты жасалғаны маңызды емес.

Шын ниетпен өкіну деп – тұлғаның түзеле басталуын, құқықбұзушының мінез-құлқының қасиетін және әлеуметке қарсы көзқарастардың тұрақсыздығын және оның қоғамға қауіптілігінің төменгі деңгейде екенін куәландырады. Сонымен қатар өзінің кәнісін мойындау ғана емес, оның шын жүректен өкінуі, өзінің кінәсін айыптау, оған баға беруі. Шын ниетпен өкіну айыбын мойындап келумен тығыз байланысты яғни, тергеу әрекеттерінен және соттан жасырынуға мүмкіндік бола тұра өзінің әрекетін айыптап ерікті түрде құқық қорғау органдарына келу және жасалған қылмыстық құқықбұзушылық туралы жасырмай айтып беру. Қылмыстық құқық бұзушылықты ашуға, қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа да сыбайлас қатысушыларын әшкерелеуге және қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті іздестіруге белсенді түрде ықпал ету болып табылады. Бірақ бұл амалсыздан не дәлелдердің қысымынан емес, тұлғаның өз еркімен, белсенді түрде болған кезде ғана жеңілдетілген мән-жай ретінде танылуына негіз болады.

Осы сұрақтардың тәжірибелік жағын ашу Қазақстан Республикасының заңды күшіне енген 220 сот үкімдерін зерделедік, одан мынадай қорытынды шығардық: жауаптылықты жеңілдететін мән-жай ретінде ескерілген жағдайлар қатарында: алғаш рет қылмыстық теріс қылық не алғаш рет онша ауыр емес немесе ауырлығы орташа қылмыс жасау - 38%, шын ниетпен өкіну – 54%, айыбын мойындап келу – 43%, қылмыстық құқық бұзушылық салдарынан келтірілген мүліктік залалды ерікті түрде өтеу, қылмыстық құқық бұзушылықпен келтірілген моральдық және өзге де зиянның орнын толтыру – 22%, қылмыстық құқық бұзушылықтың басқа да сыбайлас қатысушыларын әшкерелеуге және қылмыстық құқық бұзушылық нәтижесінде алынған мүлікті іздестіруге белсенді түрде ықпал ету-2%, жеке басындағы, отбасылық немесе өзге де ауыр мән-жайлардың тоғысуы салдарынан не жаны ашығандық уәжімен қылмыстық құқық бұзушылық жасау-6% болып шықты. Осы үкімдерде, Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 53-бабының 2 тармағына сәйкес, сот тәжірибесінде заңда көзделмеген қосымша жеңілдететін мән-жай ретінде кінәлі адамның кәмілетке толмағандығынан басқа, жастық шағы, жәбірленушінің он мінездемесі, кінәлінің денсаулығының нашарлығы және қартайған жас шамасына көңіл аударылып отыр.

Қазақстанның ҚК бекітілген қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлардың өздігінше даму тарихын қарастыра отырып, құқықтық тұрғыдан шет елдермен салыстырсақ: Беларусь ҚК-нің 63-бап 1б. 11-тармақшасына сай, біздің ҚК-тен ерекшелігі қартайған жас шамасындағы кінәлі адамның қылмыс жасауы ескеріледі. Молдова ҚК-нің 76-бап 1б. тармақшасына сәйкес: d) ақыл есі шектелген адамның қылмыс жасауы (Латвия ҚК-нің 47-бап 1б. 10 тармақшасында анықталған); i) күштеп, мәжбүрлеу салдарынан мас күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасау; k) қартайған жас шамасындағы, денсаулық жағдайы нашар адамның қылмыс істеуі бекітілген. Қылмыстық құқықбұзушылықты қатты жан күйзеліс кезінде зорлық-зомбылық, кешірілмейтін қорлау немесе өзге де құқыққа қайшы іс – әрекеттен туындаған күйде болған жәбірленушінің жасауы да ескеріледі екен. Осы ереже көптеген мемлекеттердің Қылмыстық Кодекс нормаларында бар. Оларға: Түркменстан, Швейцария, Киргизия, Эстония, Азербайджан, Узбекистан, Украина елдерінің кодекстері кіреді. Біздің қылмыстық заңға ұсыныс ретінде осы ережені енгізуге болады.

Қытай ҚК-нің 78-бап 3, 4, 5, 6 тармақшаларында: 1. Жаңа техникалық жетілдіру, ғылыми техника ойлап табу 2. Жай өмірде, жұмыста мемлекет, қоғам үшін өзін – өзі құрбан қылу 3. Апат, зілзала, табиғи қасіретпен күрес кезінде үлгілі тәртіп көрсету 4. Мемлекет, қоғам алдында ірі жетістіктерінің болуы қарастырылған. Қазақстан Республикасының қылмыстық заңнамасын жетілдіру мақсатында осы дамыған елдердің тәжірибесін қолдану біз үшін жөнді.

### **Қорытынды**

Жаза тағайындау институтының ұғымына, қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар ұғымының басқа ұқсас ұғымдар және категориялар арақатынасын анықтауға арналған түрлі көзқарастарды талдау жасай отыра, отандық құқықтағы жаза тағайындаудың жалпы негіздерін анықтау, белгілерін, ерекшеліктерін, мәні мен мазмұнын, қағидаларын жан-жақты зерттеу жүргізу мақсатымыз болды. Сол себепті мемлекеттің басты міндеттерінің бірі болып отырған, заңдылықты қатаң сақтау, құқықтық тәртіп бұзушылықты түбегейлі жою, конституциялық құқыққа қарсы қылмыстылықты және оның туындауына итермелейтін себептерді тамырымен жою жолдарын жетілдіру сұрақтарын шешуді әрі қылмыстық жаза тағайындау ұғымының құқықтық табиғатына терең зерттеу жүргізіп, осы тұстағы қылмыстық заңнаманы одан әрі жетілдіруге бағытталған ұсыныстар жасақтауды жөн көрдік.

Біздіңше, кейбір шет елдерінің қылмыстық кодекстерінде көзделгендей, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің мәтінінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар тізбесін кеңейту арқылы жаңа қылмыстық норманы бекіткен абзал. Біздің зерттеуіміз бойынша шет мемлекеттерінің көптеген мемлекеттерінде қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайлар нормалары кеңірек қамтылған. Бұл зерттеудің мақсаты құқықты-нормативті базаны зерттеп өзіміздің Ұлттық заңнамамызбен шет мемлекеттері арасында қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларға байланысты заңдарға талдау жасап, елеулі проблемаларға назар аудару болып табылады. Осыған орай біз ұсынып отырған қылмыстық жауаптылық пен жазаны жеңілдететін мән-жайларды жаңаша бекіту жолдары тиімді болмақ.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасының Президентінің «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» стратегиясы // <http://www.akorda.kz/kz>
2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы N 858 Жарлығы // <http://www.akorda.kz/kz>
3. Карпец И.И. Проблемы наказания: Наказание. Социальные, правовые и криминологические проблемы. - М.: Юридическая литература, 1973. - 285 с.
4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 67-бабын қолдану жөніндегі сот практикасы туралы Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулысы 2001 жылғы 21 маусым N 4 // <http://adilet.zan.kz/>

**Өсенова Б.Қ.**, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, экономика факультеті, Сер-41 тобының студенті  
(*Ғылыми жетекші – э.ғ.м, аға оқытушы Төлеуұлы А.*)

### **НАРЫҚТЫҚ ЭКОНОМИКАДАҒЫ ЖҰМЫССЫЗДЫҚ НЕМЕСЕ «ҮШІНШІ ИНДУСТРИЯЛЫҚ РЕВОЛЮЦИЯ»**

Елбасының «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» атты бағдарламалық мақаласындағы қарастырылған ең басты тапсырмаларының бірі – әлеуметтік-еңбек қатынастарының модельдерін қалыптастыру, жұмыспен қамту саласын дамыту болып табылады.

Жұмыссыздық – елдегі еңбекке қабілетті тұрғындардың бір бөлігі өзіне пайдалы еңбекпен айналысатын кәсіп таба алмай, бірақ оны белсенді іздеуге және оған кірісуге дайын әлеуметтік-экономикалық құбылыс.

Экономикалық әдебиеттерде кез келген қоғамдағы жұмыссыздық құбылыстары сипатына байланысты үш түрге бөлінеді:

- фракциялық жұмыссыздық;
- құрылымдық жұмыссыздық;
- циклдік жұмыссыздық.

Фракциялық жұмыссыздық – қызметкерлердің жұмыс орнын ерікті түрде ауыстыруымен және жұмыстан уақытша босау кезеңдерімен байланысты (қызметкерлердің бір жұмыстан екінші жұмысқа ауысқан кездегі уақытша жұмыспен қамтылмауы) құбылыс.

Құрылымдық жұмыссыздық – елдегі тұтыну тауарларына сұранымның құрылымында және өндіріс технологиясында болатын өзгерістер салдарынан пайда болатын құбылыс. Бұл жағдайда қызметкер не өзінің кәсібіне (мамандығына) сұранымның жоқтығы салдарынан, не жұмыс алу үшін жеткілікті біліктілігінің жоқтығы салдарынан жұмыссыз қалады.

Циклдік жұмыссыздық – елдегі тауарлар мен көрсетілетін қызметтерге жиынтық сұранымның күрт азаюы салдарынан болатын құбылыс. Осы себептен оны кейде сұранымның тапшылығына байланысты жұмыссыздық деп те атайды [1].

Жұмыссыздық нарықтық экономикада типтілік құбылыс. Себебі, жұмыс күшіне сұраным, оны сатып алуға жұмсалатын капитал көлеміне тәуелді. Сондықтан капитал көлемінің азаюы, жұмыс күшіне деген сұранысты төмендетеді. Мұндай жағдай, нарықтық экономикадағы қорлану заңының іс-әрекетінің нәтижесі объективтік заңдылық. Осы заңның нәтижесінде қосымша жұмыс күшін өндіріске тарту жай жүреді және капиталдың органикалық құрылымының өсуінің әсерімен